

**«Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - білім бөлімі) білім саласында мемлекеттік саясаты басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Білім бөлімі ведомстволық бығынысында 36 мекемесі бар:

- «Арқалық қаласы білім бөлімінің Арқалық жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушыларын еңбекке баулитын және кәсіптік бағдар беретін мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» мемлекеттік мекемесі,
- «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің музыка мектебі» мемлекеттік мекемесі,
- «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің қосымша білім беретін орталығы» мемлекеттік мекемесі,
- «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Жас-ұлан» жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны,
- жалпы орта білім беретін мекемелер – 16,
- негізгі білім беретін мекемелер – 8,
- бастауыш білім беретін мекемелер – 2,
- балабақшалар – 6.

3. Білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Білім бөлімі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгілінген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. Білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Білім бөлімі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкіліттік берілген болса, мемлекеттік атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Білім бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен білім бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Білім бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлға орналасқан жері: 110300 Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы 29.

10. Мемлекеттік органның толық атауы мемлекеттік тілінде: «Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік органның толық атауы орыс тілінде: Государственное учреждение «Отдел образования акимата города Аркалыка».

11. Осы Ереже білім бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Білім бөлімі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттері жүзеге асырылады.

13. Білім бөліміне кәсіпкерлік субъектілірімен білім бөлімінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер білім бөліміне заңнамалық актілірімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтінен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Білім бөлімінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Білім бөлімінің миссиясы білім беру саласындағы қоғам-дық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

15. Білім бөлімінің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, **Конституцияға** қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;
- 6) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне

тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау;

15) білім мекемелерінің, мектептен тыс мекемелердің қызметтерін үйлестіру;

16) азаматтарға білім алуға конституциялық құқықтарымен қамтамасыз ету;

17) білімнің бірыңғай үздіксіз даму жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау; қазақ және орыс тілдерінде балабақша, мектептер ашу;

18) мүддесі бір ұйымдармен, кәсіпорындармен бірлесе отырып білім саласының дамуына зерттеу жүргізу;

19) білім мекемелерінің материалдық-техникалық базасын қалыптастыру, нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту;

20) мұғалімдердің жүктемелерін жүйелі түрде бақылау;

21) жас мамандардың сынақтан өтуін ұйымдастыру;

22) білім жүйесін дамыту, олардың шаруашылықтағы дербестігіне жағдай жасау;

23) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша білім саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

24) Электрондық цифрлық қолтаңбаның өздеріне тиесілі жабық кілтін заңсыз қол жеткізу мен пайдаланудан қорғау, сондай-ақ ашық кілттерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сақтау үшін шаралар қолдануға"

16. Білім бөлімінің функциялары:

1) мемлекеттік білім мекемесі басқармасы құрылымына енетін, білім мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;

2) мемлекеттік білім саясатының дамуы мен негізгі бағыттарын іске асырады; білім саласындағы келешектік мақсатты, ағымдағы бағдарламаларды дайындайды және жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) білім процесін бақылауды қамтамасыз етеді;

4) қалалық бюджеттен қаржыландырылатын білім мекемелерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының болжалдық жоспарларын және оларды қамтамасыз ету шығынын белгіленген тәртіп бойынша дайындайды;

5) білім мекемелерінің жүйелерін дамытады, күрделі жөндеу және бұрынғы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді және оларға оқу-тәрбие үрдісі мәселелерін енгізеді;

- 6) білім жүйесін әдістемелік тұрғыдан ақпаратты-анықтамалармен қамта-масыз етеді, педагогикалық мамандардың біліктілігін көтеру үшін іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;
- 7) білім мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, кеңестер өткізеді, білім мекемелерінің бағдарламаларын жасау комиссияларының жұмыстарына қатысады, қаланың мүддесін облыстық деңгейде қорғайды;
- 8) жасөспірімдердің әлеуметтік қорғауын қамтамасыз етеді және балалардың құқығын қорғайды;
- 9) білім жүйесінде тәрбиеленушілер мен оқушылар құрамының ағымдағы өзгерістерін болжауды, қаладағы білім мекемелерінің жаңа тұрпаттарының даму мөлшерін анықтайды, қамтамасыз етеді;
- 10) қарастық тәуелсіздігіне қарамастан, білім мекемелері мамандарының аттестациясын өткізеді, дәрежелерінің, санаттарының және тарифтерінің дұрыс орындалуын бақылайды;
- 11) білім мекемелерінің қызметін зерттейді, оның болашақта дамуын болжайды;
- 12) өздеріне қарасты мекемелерде іс-қағаздарды мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 13) білім мекемелерінің барлық дәрежедегі қызметкерлерін марапаттайды;
- 14) бөлімнің және мекеме бөлімшелерінің шаруашылық және қаражат қызметтерін қамтамасыз етеді;
- 15) білім мекемелерінің шығын сметаларын қалыптастырады және бекітеді.
- 16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шараларды қолдануды қамтамасыз етеді;
- 17) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 18) білім бөлімінің мүлікті жекешелендіру туралы ұсыныстар енгізеді;
- 19) заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ олардың акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы өтініш жасайды;
- 20) қалалық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;
- 21) қалалық жергілікті атқару органымен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын осы заңмен көзделген жағдайда қарайды, келіседі және оларды орындау жөніндегі есептерді бекітеді;
- 22) қалалық жергілікті атқару органдармен құрған мекемелердің даму жоспарларының орындалуын бақылайды және талдау жасайды;
- 23) жергілікті филиалдар мен өкілдіктерді құру туралы өтініш жасайды;
- 24) Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі құрылымына кіретін мемлекеттік мекемелердің басшыларың тағайындау және оларды қызметінен босату;
- 25) Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің құрылымына кіретін мекеме-лердің Жарғысын (Ережесін) бекіту арқылы атауларына және Жарғыларына (Ережелеріне) тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге өкілеттік беріледі;

26) Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің құрылымына кіретін мекемелердің басшыларын қызметке қабылдау (босату), еңбек демалысын беру, оларға тиісті тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

27) Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің құрылымына кіретін мекемелерге бекітілген мүлікті алады, қайта бөледі;

28) Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің құрылымына кіретін заңды тұлғаларды тіркеу, қайта тіркеу жөнінде әділет органдарына өтініш жасайды;

29) мынандай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу;

- білім туралы құжаттардың телнұсқауларын беру;

- қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру;

- зейнетақы қорларына, банктерге кәмелетке толмағандардың салымдарына иелік ету үшін, Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшілеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтама беру;

- кәмелетке толмағандарға меншік құқығына тиесілі мүлікпен мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру;

- мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою;

- жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну;

- аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру;

- қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау;

- баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру;

- Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау;

- Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау;

- Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау;

- Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау;

30) Қалалық жалпы білім беретін мекемелерінен мемлекеттік қызмет көрсеткені туралы есептерді жинап және оның жиынтығын жасау;

- 31) Қалалық жалпы білім беретін мекемелерінен мекемелердің құрылымдық бөліміне ретінде басшылары лаузымдарына орналасуға конкурс өткізеді;
- 32) білім туралы құжаттарды беру;
- 33) қала әкімі – жергілікті атқарушы орган басшысының және оның орынбасарларыны тапсырмаларын орындауға.
- 34) Бюджеттік мониторингті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады."

17. Білім бөлімі мыналарға құқылы:

- 1) мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі, мектеп, мектептен тыс оқу мекемелерінде оқу-тәрбие үрдістерінің ұйымдастырылуын бақылауға;
- 2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру мекемелеріне қарасты мемлекеттік басқармасының уәкілетті органы болуға;
- 3) басты мақсатты жекелей отырып, білім мекемелеріне өз құзыреттілігі шегінде және нормативтік құжаттар шеңберінде нақтылы шекті нұсқаулар мен ұсыныстар беруге;
- 4) мемлекеттік білім беру мекемесін бақылау мазмұнын құжатпен негіздеп, тұжырымдап, нақты ұсыныспен аяқтауға, кейінгі бақылау және реттеуде ұсыныстарды орындауды ұйымдастыруға басқарушылық шешім қабылдауға;
- 5) педагогикалық қызметкерлерді аттестациядан өткізуге және оларға біліктілік дәреже беруге;

Білім бөлімінің міндеттері:

- 1) білім саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
- 4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
- 8) оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының абы-ройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Міндеттерін бұзғаны үшін білім бөлімінің қызметкері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3. Білім бөлімінің қызметін ұйымдастыру

18. Білім бөліміне басшылықты білім бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Білім бөлімінің басшысы қалалық әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Білім бөлімі басшысының орынбасарылары болмайды.

21. Білім бөлімі басшысының өкілеттігі:

1) басқарушы мамандарды іріктеп, дұрыс орналастырып, білім бөлімінің құрылымына кіретін мекемелер басшыларын жұмысқа тағайындайды және босатады, оларға еңбек демалыстарын береді, марапаттайды және тиісті тәртіптік жаза береді;

2) басқару аппаратының, әдістемелік қызметтің, орталықтандырылған бухгалтерияның және өздеріне қарасты мекемелердің қызметкерлерін тағайындайды, орнынан босатады және басқару қызметіне резерв дайындау жұмыстарын жүзеге асырады;

3) білім мекемелерімен міндетті түрде орындалатын, құзыреттігіне сай бұйрықтар, нұсқаулар береді;

4) білім мекемелерімен мемлекеттік білім стандартын орындауды қамтама-сыз етеді.

22. Білім бөлімінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Білім бөлімінің мүлкі

23. Білім бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Білім бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктен қалыптастырылады.

24. Білім бөлімінің мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, білім бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Білім бөлімінді қайта ұйымдастыру және тарату

26. Білім бөлімі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің құрылымына кіретін мекемелердің тізбесі.

1. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі

2. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі

3. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б. Майлин атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі

4. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 4 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі

5. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің М. Әуезов атындағы № 5 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі

6. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А. Құнанбаев атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
7. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 8 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
8. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 10 жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
9. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін гимназия» мемлекеттік мекемесі
10. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А. Байтұрсынов атындағы бастауыш жалпы білім беретін гимназия» мемлекеттік мекемесі
11. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Анғар жалпы негізгі білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
12. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ақбұлақ жалпы негізгі білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
13. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Т. Әубәкіров атындағы жалпы негізгі білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
14. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Восточный жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
15. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Б. Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
16. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қайыңды жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
17. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Көктау жалпы білім беретін негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі
18. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қызылжұлдыз жалпы білім беретін негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі
19. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А. Майкөтов жалпы негізгі білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
20. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің А. Макаренко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
21. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Родина жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
22. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Сарыөзен жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
23. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Целинный жалпы білім беретін негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі
24. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Фурманов жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
25. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Қараторғай жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі
26. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Алуа жалпы білім беретін бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі
27. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Раушан» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

28. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Ақбота» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
29. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің санаторлық және жалпы дамулық типті «Золотой ключик» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
30. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
31. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Балдаурен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
32. Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің жалпы дамулық үлгісіндегі Ашутасты ауылындағы «Гүлдер» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
33. «Арқалық қаласының білім бөлімінің Арқалық жалпы орта білім беретін мектептерінің оқушыларын еңбекке баулитын және кәсіптік бағдар беретін мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» мемлекеттік мекемесі
34. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің Бақытжан Байқадамов атындағы музыка мектебі» мемлекеттік мекемесі.
35. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің қосымша білім беретін орталығы» мемлекеттік мекемесі
36. «Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің «Жас-ұлан» жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны